

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы 2023жыл 4 апта

Білім беру ұйымы: №15 «Әлия» бөбекжайы
 Топ: №6 «Жасұлан» мектепалды тобы
 Балалардың жасы: 5-жас
 Жоспардың құрылу кезеңі: 18.09-22.09.2023ж

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 18.09.2023ж	Сейсенбі 19.09.2023ж	Сәрсенбі 20.09.2023ж	Бейсенбі 21.09.2023ж	Жұма 22.09.2023ж
Балаларды қабылдау	Көңілді күн әнімен қарсы алу	Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу	Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдырлатып қоңырауын соғып кіріп, келесі балаға береді	Сикырлы сөздермен қарсы алу (көйлегін қандай әдемі т.б)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме	Баланың денсаулығы жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым-қатынасы жайлы әңгіме	Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме	Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дид ойын: «Менің отбасым» әңгімелесу. Міндеті: сөздік қорларын байыту. Сөйлеуді дамыту	Дид ойын: «Дыбысынан таны» Міндеті: Есту қабілеттерін дамыту. Музыка	Дид ойын: «Сәйкестендіріп жина» ойыны Міндеті: түстеріне қарай ажырату Математика негіздері	Дид ойын: «Пирамида жинау» ойыны Міндеті: көлемін ажырату Математика негіздері	Дид ойын: «Бөліктерді құрастыр» ойыны Міндеті: қиынды суреттермен құрастыруды үйрету Құрастыру
Таңертеңгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның кикымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Сауат ашу негіздері Тақырып: Дауыссыз дыбыстар. Суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын суреттерді таба білу қабілетте-рін дамыту. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру. Жазу барысында денені дұрыс ұстап, әдемі жазуға дағдылан-дыру арқылы эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу. Дене шынықтыру Тақырып: Ұлттық ойындар (таза ауада) Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, коммуникативтік құзіреттіліктерін дамыту, мейірімділік пен ұлттар арасындағы достыққа тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырып: Театр әлемінде Балаларға театр туралы түсінік беру, қуыршақ театрының түрлерімен таныстыру; ба-лалардың өз ойын айта білуге	Сауат ашу Тақырып: Дауыссыз дыбыстар. Суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын суреттерді таба білу қабілеттерін дамыту. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру. Жазу барысында денені дұрыс ұстап, әдемі жазуға дағдылан-дыру арқылы эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу. Математика негіздері Тақырып: 5, 6 сандары және цифрлары Цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау дағдысын жетілдіру; 5 және 6 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуге үйрету. Ло-гикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату қабілетін; зейін, есте сақтау, сөйлеуін дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. Сурет салу Тақырып: Күз мезгілінің	Математика негіздері Тақырып: 5,6 сандары және цифрлары Цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттар-ды санау дағдысын жетілдіру; 5 және 6 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуге үйрету. Логика-лық байланыстар мен заңды-лықтарды орнату қабілетін; зейін, есте сақтау, сөйлеуін да-мыту. Шыдамдылыққа тәрб-у. Музыка Тақырып: «Күзгі серуен» Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақты бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Музыка сипатын анық ырғақты, ширақ жүріспен беру. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын арттыру. Қоршаған ортамен танысу Тақырып: Ағаш және бұта Ағаштың, бұталардың атауларымен таныстыру және олардың түрлерін бір-бірінен өзіне тәй ерекшеліктеріне қарай (жапырағы, жемісі, діңі) айыра білуге үйрету.	Сауат ашу негіздері Тақырып: Дауыссыз дыбыстар. Суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын суреттерді таба білу қабілетте-рін дамыту. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру. Жазу барысында денені дұрыс ұстап, әдемі жазуға дағдылан-дыру арқылы эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу. Дене шынықтыру Тақырып: Қалай спортшы болуға болады? Ептілік, өз-өзін бақылай алу дағдыларын дамыту; спортқа деген ынталарын, салауатты өмір сүруге деген жақсы әдеттерін тәрбиелеу Сөйлеуді дамыту Тақырып: Күз бояуы. Өлең тыңдау арқылы, әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту. Күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу Математика негіздері	Көркем әдебиет Тақырып: Мақтаншақ қоян» ертегісі (киімелі қуыршақ театры) Кейіпкерлердің ерекшеліктерін беру үшін, мәнерлілік құралдарын қолдана білу дағды-ларын қалыптастыру, ертегінің мазмұнын түсініп, кейіпкерлерге мінездеме бере білуге үйрету, кейіпкерлердің іс-әрекетін орындай білуге үйрету. шығармашылыққа, батылдыққа тәрбиелеу Қазақ тілі Тақырып: Жемістер Жаңылтпашты жылдам әрі жатқа айта білуге үйрету. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету. Қоршаған ортамен танысу Тақырып: Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?
---	--	---	---	--	---

	үйрету, театрландырылған ойындарға оң көзқарастарын, басқалардың пікірін тыңдай білу дағдыларын қалыптастыру; театр өнеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Музыка Тақырып: «Күзгі серуен» Эннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, эннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Музыка сипатын анық ырғақты, ширақ жүріспен беру. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын арттыру.	суреті. Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, күз мезгілінің суретін салу Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Күз бояуы. Өлең тыңдау арқылы, әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту. Күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу.	Жақын маңда орналасқан ағаштар, бұталар мен шөптер туралы түсініктерін нығайту. Тірі нысанды суреттей білу қабілеттерін дамыту. Балалардың зейінін, жадын күшейту. Табиғатқа қамқорлықпен, жанашырлықпен қарауға үйрету. Рухани-ізгілік және эстетикалық сезімдерін қалыптастыру. Қазақ тілі Тақырып: Көгөністер Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту	Тақырып: 7, 8, 9 сандары және цифрлары Цифрды заттардың санымен сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын дамыту; дұрыс тану мен 7, 8, 9 сандарын бейнелеуді үйрету. Логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындау біліктілігін бекіту. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.	Жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту. Жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы сипаттама жасау қабілеттерін қалыптастыру. Себеп-салдар байланысын анықтау қабілеттерін дамыту. Жануарлар әлемін сүйеге баулу.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету				

Серуен	Картотека № 12 Бакылау: «Күзгі саябакка серуен» Максаты: Аламдардың саябакка не себепті келетіні жайында әңгімелесу. Саябак ішіндегі күзгі өзгерістерге көңіл бөліріп бакылау. әңгімелеу. Көңіл бөліріп бакылау. әңгімелеу. Еңбек: Саябактағы әр түрлі ағаштардың жапырактарын жинау. Әр ағаштың жапырағын ажыратып үйрету. Балалармен жеке жұмыс: Такпак жаттату. «Күзгі жапырактар» туралы оқу (Қ. Шарғытбаев) Алтын, сары. қызыл, көк Алуан- алуан жапырақ Күзгі бакта күлімдеп, Көз тартады атырап. Қимылды ойындар: «Құстар мен мысық». «Аққу – каздар» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері.	Картотека № 13 Бакылау: «Қайтқан құстарды бакылау» Максаты: Балалармен қайтқан құстарды бакылау. Олардың атын ататқызып, дауыстарын тыңдату. Олардың топ болып ұшуына назар аударту. Еңбек: Құстарға жем салатын тақтай жасау. Балалармен жеке жұмыс: Құстар туралы жұмбақтар жасыру 1. Құйқылжытып дала күйін, Үй ішіне салары үйін (Қарлығаш) 2. Күндіз соқыр не деген? Түнде қандай көреген (Үкі) 3. Еркін самғап ұшсын, - деп Мәпелейміз, баптаймыз Бейбітшілік құсы, - деп Қайсы құсты мақтаймыз? (Көгершін) 4. Қыстағы ақ мамыққа, Жалғау жалға, жалықпа Сонда құс боп шығады Кәне, қай құс анықта (Қарға) Қимылды ойындар: «Қайтқан құстар», «Құстар мен мысық» Максаты: Ойын барысын	Картотека № 14 Бакылау: «Күзгі желдің бағытын бакылау» Максаты: балаларға желдің қай бағытта соғып тұрғанын қандай леп арқылы соғып тұрғаны жөнінде жалпы түсінік беру. Балалардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін арттыру. Еңбек: Балаларға желдің бағытымен ұшқан күзгі жапырақтарды жинату. Балалармен жеке жұмыс: Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату. Кейде сипап өтер Кейде ұйпап кетер Көк майса көрікті Алқаптағы көк егін Бұл күндері киіпті Сары жібек көйлегін Жел тынымсыз гуілдеп Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал, терек Жапырағын жұлғызып. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері. Қимылды ойындар: «Жел	Картотека № 15 Бакылау: «Қайтқан құстарды бакылау» Максаты: Балалармен қайтқан құстарды бакылау. Олардың атын ататқызып, дауыстарын тыңдату. Олардың топ болып ұшуына назар аударту. Еңбек: Құстарға жем салатын тақтай жасау. Балалармен жеке жұмыс: Құстар туралы жұмбақтар жасыру 1. Құйқылжытып дала күйін, Үй ішіне салары үйін (Қарлығаш) 2. Күндіз соқыр не деген? Түнде қандай көреген (Үкі) 3. Еркін самғап ұшсын, - деп Мәпелейміз, баптаймыз Бейбітшілік құсы, - деп Қайсы құсты мақтаймыз? (Көгершін) 4. Қыстағы ақ мамыққа, Жалғау жалға, жалықпа Сонда құс боп шығады Кәне, қай құс анықта	Картотека № 16 Бакылау: «Өзге топ балаларының іс – әрекеті» Максаты: Балалардың назарын өзге топ балаларының іс – әрекетіне аудартып, балалардың қалай ойнайтындарын, өздерін қалай ұстайтындарын бакылау арқылы балаларды қырағылыққа, үлгі алуға баулу. Еңбек: Ауладағы ағаштардың сынығын, жапырақтарды жинау. Балалармен жеке жұмыс: Жұмбақ жасыру: Ағайынды бес құрдас Бірдей болып еш тұрмас (Саусак) Есігі – біреу Бөлмесі бесеу (Қолғап) Адамның сәні Онсыз жоқ мәні (Киім) Танертең тұрдым
--------	---	--	--	--	--

	бұзбай ойнауға дағдыландыру. Күс қимылдары арқылы дене бітімдерін дамыту. Шапшаңдыққа, жылдамдыққа, ептілікке үйрету. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері.	көбік», «... жылдам?» Мақсаты: Байқампаздыққа, кеністікті бағдарлауға үйрету.	(Қарға) Қимылды ойындар: «Қайтқан құстар», «Құстар мен мысық» Мақсаты: Ойын барысын бұзбай ойнауға дағдыландыру. Күс қимылдары арқылы дене бітімдерін дамыту. Шапшаңдыққа, жылдамдыққа, ептілікке үйрету. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері.	Екі жолды құдым (Шалбар) Қимылды ойындар: «Жай жүгіріп өт», «Аюлар мен аралар» Мақсаты: Ойын ережесін бұзбай ойнауға үйрету. Балаларды икемділікке баулу. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес ойын әрекеті).			
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру. Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану, нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)			
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)			
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әрекет жасауын үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құргатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).			
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)			

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Достарымызбен шеңберге тұрайық, ойыншықтардан шеңбер жасайық. Шеңбер бойлап айналайық. Топта шеңберге ұқсас заттарды тауып салыстыру. математика негіздері Құрылыс заттарынан достарына үйшік құрастыру Құрастыру Дайын жапсыру пішіндерінің ішінен домалақ пішінді табу, атау, тақтайшаға жапсыру. Жапсыру	Балалардың ойнау бойынша орталықтарға бөлініп, еркін тақырыпта сурет салу, тұзды камырды пайдаланып мүсін жасау. Фланелеграф тақтасына әр түрлі пішіндерді тізбектеп жапсыру. Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру	Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша жануарларға қоралады жасауды үйрету Құрастыру Мерекелік әсем шарлар деп суретін салу, мүсінін ермексазdan жасауды жетілдіру, Сурет салу, Мүсіндеу	Ойыншық туралы жаттаған тақпақтарды айтқызу арқылы есте сақтауын дамыту. көркем әдебиет Қонағымызды топтағы қуыршақтармен салыстырып көрейікші. Ол зат қандай сұрағына жауап беруін қалыптастыру. математика негіздері	Тапсырмалары бар қораларды көрсету. Ойнап көреміз бе? деп «артығын тап» айдарында тапсырмаларды орындату математика негіздері Қандай суретті бояймыз деп балаларға қалауы бойынша таңдаған жемісті бояту, ермак саздан жасату немесе тақтаға жапсыру және сипаттауын қалыптастыру. Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру
Балалармен жеке жұмыс	Мақал үйрету	Жұмбақ үйрету	Тілдік жаттығулар	Сурет салу	Тақпақ үйрету
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық тудызу; балалармен жеке әңгімелесу; Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың сүйікті ойыншығы туралы әңгімелесу.	Топқа ойыншық алмасу сөресін жасауды ақылдасу	Табиғи материалдардан ойыншық жасауды ұсыну.	Үйде баламен доппен ойнауды ұсыну.	Апта бойғы жұмыстар бойынша ақпарат беру.

«Тексерілді»

№15 «Әлия» бөбекжайы

МККК-ны әдіскері:

У.Г. Нурмухамметова

«15» 09 2023ж